



Қаржы

№2 Тақырып.
Кәсіпкерліктің ұйымдық-
құқықтық нысандары





Лекция сұрақтары:

1. Кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары мен олардың ерекшеліктері
2. Кәсіпкерліктің түрлері, нысандары және жіктелуі
3. Дара кәсіпкерлік және оның түрлері



Шаруашылық жүргізуші субъектілер бұл – экономикалық агенттер, экономикалық бірлестіктер (ұлттық шоттар жүйесінде – институционалдық бірліктер), олар өзінің атынан активтерге қожалық ете алады, міндеттемелер қабылдай алады, талаптар қояды, басқа бірліктермен экономикалық қызмет пен операцияларды жүзеге асырады. Алайда ұйымдық-құқықтық көзқарас тұрғысынан алғанда басты орынды жүйелі ұйымдастырылған субъектілер – кәсіпорындар мен ұйымдар: фирмалар, компаниялар, фермер шаруашылықтары, шаруашылық серіктестіктері, ассоциациялар (бірлестіктер), ұлттық компаниялар және басқалары алады. Бұрын таралған «зауыт», «фэбрик», «кәсіпорын» (салалар бойынша) атаулары сиректеу қолданылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің едәуір бөлігі – қоғам тіршілігін қамтамасыз ету көзі – материалдық қоғамдық өнім жасалатын материалдық өндіріс сферасында айналысатындықтан бұл буынның қаржысы *қаржылардың негізгі, бастапқы бөлігі* болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы қаржы жүйесінің аса маңызды буыны ретінде қоғам экономикасының іргетасын қалыптастырады, өйткені мұнда материалдық және материалдық емес игіліктер жасалады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасы шеңберінде материалдық, еңбек және қаржылық ресурстардың көпшілік бөлігі шоғырландырылады, бұл қоғамда ұлғаймалы ұдайы өндіріс үдерісін қамтамасыз етеді.

Толып жатқан шаруашылық жүргізуші субъектілер әр түрлі белгілері бойынша сыныпталады және оларды осы немесе өзге түрі бойынша межелеудің негіздемесі қаржыны ұйымдастырудың сипатына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамына материалдық өндірістің барлық кәсіпорындары және рыноктық экономика жағдайларында өзінің қызметін коммерциялық есеп негіздерінде жүзеге асыратын өндірістік емес сфераның бір бөлігі кіреді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер – кәсіпорындар мен ұйымдар (фирмалар, компаниялар, фермер шаруашылығы, ша-руашылық серіктестіктері, ассоциациялар (бірлестіктер), ұлттық компаниялар және басқалары), мекемелер әр түрлі белгілері бойынша сыныпталады және оларды не ол, не бұл түрі бойынша айырудың негіздемелері қаржыны ұйымдастырудың сипатына елеулі әсер етуі мүмкін.

Межселеудің ең жалпы белгісі шаруашылық жүргізуші субъектілерді қызмет сфераларының біріне – материалдық немесе материалдық емес (қызметтер сферасы) сфераға жатқызу болып табылады.

Қызметтің материалдық сферасының шаруашылық жүргізу-ші субъектілері бүкіл қоғамның тіршілік әрекетінің негізі болып табылатын материалдық өнімдер мен игіліктерді жасайды. Бұл сферада жасалған өнімнің бір бөлігі оның салалары ішінде (өнді-рістік тұтынудың өнімдері) тұтынылады, басқа бөлігі түпкілікті тұтынуға, соның ішінде өндірістік емес сфераға да бағытталады.

Қызметтер көрсету сферасы қызметінің нәтижелері қызметтердің нысанын қабылдайды, қызметтерді жасау үдерісі, әдеттегідей, олардың тұтыну үдерісімен тоқайласады, яғни олар қордалауға, сақтауға жатпайды.

Қызметтің сфералары	Материалдық			Материалдық емес (қызметтер сферасы)											
Өндірістің түрлері бойынша	Тауарлар, жұмыстар			Қызметтер											
Қызметтің сипаты бойынша	Коммерциялық														
	Коммерциялық емес														
Меншіктің нысандары бойынша	Мемлекеттік меншік														
	Жеке меншік														
	Қоғамдық ұйымдардың меншігі														
	Шетелдік субъектілердің меншігі														
	Аралас														
Ұйымдық-құқықтық түрлері бойынша	Шаруашылық серіктестіктері			Мемлекеттік		Кооперативтік	Қоғамдық ұйымдар		Материалдық емес сфераның ұйымдары мен мекемелері						
				шаруашылық жүргізу құқығындағы	жедел басқару құқығындағы										
	Толық серіктестік	Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер	Акционерлік қоғам	Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер	Сенім серіктестігі	Басты	Еншілес	Қазыналық	Өндірістік	Тұтыну	Қоғамдық бірлестіктер	Қоғамдық ұйымдардың кәсіпорындары	Қоғамдық қорлар	Мемлекеттік	Коммерциялық

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді сыныптаудың басқа белгісі олардың *қаржылық қызметінің сипаты* – *коммерциялық және коммерциялық емес қызметі* болып табылады.

Коммерциялық және коммерциялық емес қызмет болып межелену Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде бекітіліп берілген, онда заңи тұлға ұғымы анықталады. *Заңи тұлға* деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін ұйымды айтады. Өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтық міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған пайдасын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңи тұлға бола алады.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңи тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестігі, өндірістік кооператив нысандарында құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңи тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында және заң құжаттарында көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін және ол кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады.

Сыныптаудың бұл белгісіне қатысты қаржыны ұйымдастыру қызметті қамтамасыз етудің түрлі қағидаттарына: *коммерциялық есепке* немесе белгілі бір деңгейде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қажеттіліктерін жабатын *бюджеттік қаржыландыруға* есептелген. Егер мекеме коммерциялық және коммерциялық емес қызметті үйлестіретін болса, онда соңғысы тиісті қаржылық зардаптарға ұшыратады: мұндай қызметтің өзі-өзі қаржыландырылуын ұйымдастыру, салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлеу, алынған табыстарды немесе пайданы бөлу.

Коммерциялық қызметтің мақсаты табыс алу болып табылады. Коммерциялық негізде материалдық өндіріс сферасы кәсіпорындарының басым бөлігі және материалдық емес сфера ұйымдары мен мекемелерінің едәуір бөлігі жұмыс істейді.

Өндірістік емес сфера мекемелерінің едәуір бөлігі: мемлекет-тік басқару, қорғаныс, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру, құқықтық тәртіпті қорғау, айналадағы ортаны қорғау, денсаулық сақтау мен білім берудің, мәдениеттің және шығармашылықтың үлкен тобы, іргелі ғылым *коммерциялық емес секторда* қалып отыр. Коммерциялық емес қызмет табыс (пайда) алуға емес, бүкіл қоғам үшін, соның ішінде халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге қажет функциялар мен іс-қимылдар-ды орындауға бағытталған.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді сыныптаудың маңызды белгісі *меншіктің белгілі бір нысанына* тиістілігі (қатыстылығы) болып табылады. Заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында меншіктің екі нысаны қабылданған: жеке меншік және мемлекеттік меншік. *Жеке меншік* азаматтардың және (немесе) мемлекеттік емес заңи тұлғалар мен олардың бірлестіктері ретінде болады, жеке меншіктің айырықша түрі ретінде *қоғамдық ұйымдардың меншігі* болады.

Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік болып ажыратылады.

Меншіктің аталған нысандарының ішінде шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының көптеген түрлерін (санын) туғызатын әр түрлі шаруашылық құрылымдары қалыптасуы мүмкін:

1. Мемлекеттік меншікке негізделген *мемлекеттік кәсіпорындар*, соның ішінде:

республикалық – Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының жалпы мемлекеттік міндеттерін шешу үшін;

коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар – тиісті аумақ халқының әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін, жергілікті бағынышта болады.

Заңи тұлғалардың жеке меншігіне негізделген шаруашылық жүргізуші субъектілер: әр түрлі тұрпаттағы шаруашылық серіктестіктері, соның ішінде акционерлік қоғамдар, кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдар.

Қоғамдық бірлестіктердің меншігіне негізделген шаруашылық жүргізуші субъектілер

Құрылтайшылардың, соның ішінде шетелдік заңи тұлғалар мен азаматтардың мүлкін біріктіру негізіндегі *бірлескен кәсіпорындар*.

Азаматтардың меншігіне негізделген *жеке меншікті шаруашылық жүргізуші субъектілер*.

Меншіктің жоғарыда келтірілген әр түрлі нысандарының қатысуындағы *аралас кәсіпорындар*.

Меншіктің барлық нысандарының теңдігі мен меншік субъектілерінің құқығын теңдей қорғау Қазақстан Республикасы заңнамасымен кепілденілген.

Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны Қазақ-стан Республикасы Азаматтық кодексімен анықталған, ол шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтық тәртібіне айтарлықтай өзгерістер енгізді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысандары мен олардың мөлшерін ажырата білген жөн.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің *ұйымдық-құқықтық нысандары* меншік нысанымен – мемлекеттік, жеке меншікпен (әр түрлілігімен) анықталады. Мөлшері бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер *шағын, орта және ірі* болуы мүмкін.

Меншік нысандарына қарай шаруашылық жүргізуші субъектілердің қорларын *қалыптастырудың ерекшеліктері* болады.

Мысалы, экономиканың нақты секторының жекеше шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржылық қорлары мына көздер есебінен құрылады: меншікті көздер (амортизациялық аударымдар, таза табыс, банк кредиттері; бағалы қағаздар шығарудан түсетін қаражаттар); мемлекеттік кәсіпорындарда қаражаттардың бұл көздері қажет жағдайларда бюджеттен және бюджеттен тыс қорлардан қаржы бөлумен толықтырылады; кооперативтерде – кооператив мүшелерінің үлестік жарналарының қаражаттары. Практикада көбінесе меншіктің аралас нысандарымен шарттасылған қорлардың көздері бойынша оларды құрудың аралас нысандары кездеседі. Мысалы, негізгі құралдар мен айналымдағы активтердің үлкен бөлігі мемлекетке жататын мемлекеттік кооперативтерде жұмыскерлердің үлестік жарналары болымсыз рөл атқарады. Мемлекеттік акционерлік қоғамдарда да осылай.

Өндірістің бастапқы қорларының қалыптасуына сәйкес шаруашылық қызметтің қаржылық нәтижелері бөлініп, пайдаланылады: таза табыс; пайыздық табыс, дивидендтер; үлестік табыстар, бюджеттің шығыстарын (бюджеттік кредиттерді) және бюджеттен тыс қорларды өтеу.

Үлестік жарна негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындардың – шаруашылық серіктестіктерінің, кооперативтердің, бірлескен кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыру мұндай кәсіпорындар қаржысының қалыптасу және алынған табыстарды әрбір қатысушының мүліктегі үлесіне сәйкес кейінгі бөлудің ерекшеліктерімен анықталады. Мұндай кәсіпорындардың құрылтайшылары мен қатысушылары өздерінің салымдарын ақшалай қаражаттар, мүліктің әр түрлі түрлері (үймереттің, ғимараттың, жабдықтың және басқаларының), мүліктік құқықтар (жерді, табиғи ресурстарды, мүлікті, зияткерлік (интеллектуалдық) меншікті пайдалану құқықтары) түрінде жүзеге асырады.

«Шаруашылық серіктестіктері туралы» заңға сәйкес шаруашылық серіктестігі – жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру деп есептелетін және заңи тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым.

Шаруашылық серіктестігінің мынандай нысандары белгіленген:

- 1) толық серіктестік;
- 2) сенім серіктестігі;
- 3) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам;

Сенім серіктестігі өзінің бүкіл мүлкімен серіктестіктің міндеттемелері бойынша қосымша жауапкершілікті ниеттестікпен алып жүретін қатысушыларды және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметіне қатыспайтын жауапкершілігі шектелінген қатысушыларды кіріктіреді.

Толық серіктестіктің табысы мен залалдары қатысушылар арасында, серіктестіктің жарғылық қорына салған олардың салымдарының мөлшеріне үйлесімді түрде бөлінеді; *жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен сенім серіктестігінде* де осылай бөлінеді.

Қаржылық қатынастардың *акционерлік қоғамға* сәйкес белгілі бір ерекшеліктері акцияларды өндірістік және коммерциялық қажеттіліктерді қаржыландыру ретінде қолданғанда көрінеді. Бұған *акционерлік қоғамдар қызметінің* ұйымдық нысандарының әр алуандығы мүмкіндік туғызады. Қаржыны ұйымдастыруға акциялар категорияларының (кәсіпорынның акциялары, еңбек ұжымының акциялары, акционерлік қоғамдардың акциялары), олардың түрлерінің (артықшылықты, жай акциялар) әр алуандығы әсер етеді.

Акционерлік қоғамның *баланстық таза табысы* заңнамамен қарастырылған тәртіппен анықталады. *Таза табыс* (салықтарды төлегеннен кейін) қоғамның қарамағында қалады және акционерлердің арасында *дивидендтер түрінде* бөлінеді, *резервтерге, өндірісті дамытуға* немесе қоғам жиналысы-ның шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға аударылады. Акционерлік қоғам жарғылық капиталдың 15 пайызынан кем емес мөлшерде резервтік капитал құруға міндетті.

Акционерлік қоғамның мынадай жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге құқығы жоқ: қоғамның жағымсыз меншікті капиталы кезінде; егер қоғам төлеу қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі нышандарына жауап берсе.

Акционерлік ұйым негізінде *корпорациялар* – ірі шаруашылық жүргізуші субъектілер жұмыс істейді.

Корпорация қандайда бір мақсатқа жету үшін біріккен және құқықтың дербес субъекті – жаңа заңи тұлғаны құратын тұлғалардың жиынтығы ретінде анықталады. Әдеттегідей, корпорация қатысушылардың үлестік меншігін және жалдау бойынша жұмыс істейтін кәсіби басқарушылардың (менеджерлердің) басқару функцияларын орындауын қарастырады; шығарылатын акциялар қор рыногында айналыста болады. Корпорацияның көп таралған түрі *холдинг* болып табылады. Әр түрлі елдерде өндірістік және коммерциялық қызмет жүргізетін корпорациялар *трансұлттық корпорациялар (ТҰҚ)* деп аталады.

Холдингтік компания немесе холдинг – бақылау не бірыңғай экономикалық және қаржылық саясат жүргізу үшін басқа компаниялардың қызметін бағыттап отыру мақсатында олардың акцияларының бақылау пакеттерін иеленуші басты компания.